

"Қазмырыш" ашық акционерлік қоғамына шет елдік инвестицияларды тарту үшін жағдай жасау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 27 мамырдағы N 890

"Қазмырыш" ашық акционерлік қоғамы құрылтайшыларының 1997 жылғы 23 мамырдағы жалпы жиналысының өтініш жасауы негізінде және "Қазмырыш" ашық акционерлік қоғамына шет елдік инвестицияларды тарту және оның құрылтайшыларының берешектерін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті заңда белгіленген тәртіппен:

"Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты", "Лениногор полиметалл комбинаты" және "Зырьян қорғасын комбинаты" ашық акционерлік қоғамдарының жалпы жиналысына "Қазмырыш" ашық акционерлік қоғамының оларға тиесілі акцияларға билік ету мәселелері жөнінде ұсыныс енгізсін;

жоғарыда аталған акционерлік қоғамдарға олардың несиелік берешектерін өтеу мақсатында "қазмырыш" ашық акционерлік қоғамының акцияларын сату ұсынылсын;

Швейцарияның "Казастур Цинк А.Г." фирмасымен "Қазмырыш" ашық акционерлік қоғамының өнеркәсіптік кешендерін тұрақтандыру және дамыту жөніндегі ынтымақтастық туралы белгіленген тәртіппен шарт жасассын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне бюджетке, мемлекеттік Медетші банкіне және Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне берешегін несиелерді өтеу есебіне "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты", "Лениногор полиметалл комбинаты" және "Зырьян қорғасын комбинаты" акционерлік қоғамдарынан "Қазмырыш" ашық акционерлік қоғамы акцияларының оларға тиесілі 14 процентін нақты құны бойынша қабылдау ұсынылсын.

3. Қаржы министрлігіне, мемлекеттік Медетші банкіне және Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне оларға тиесілі "Қазмырыш" акционерлік қоғамының акциялар пакетін ұстаушы болып Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаментін айқындау тапсырылсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті:

"Бұқтырма СЭС" акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналысында Бұқтырма СЭС-ның мүліктік кешенін "Қазмырыш" ашық акционерлік қоғамының негізгі инвесторы ретінде "Казастур Цинк А.Г." фирмасына ұзақ мерзімді мүліктік

жалға беру туралы мәселені қарасын;

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының мүліктік кешенін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік жекешелендіру департаментіне, мұнда заңмен көзделген рәсімдерді пайдалана отырып сатуы үшін бөлу және беру туралы мәселені қарасын;

кейін оны жоғарыда аталған кешенінің құрамына енгізумен Текелі энергия комбинатын басқаруға жасасылған шартты бұзу жөнінде шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі